

44.261.4

0-65

Ф.Ш. Оразбаева

Р.С. Рахметова

1 2009

16598к

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Ф. Ш. Оразбаева

Р. С. Рахметова

***ҚАЗАҚ ТІЛІН
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ***

Оқу құралы

PrintS
ИЗДАТЕЛЬСТВО

Алматы

2005

ББК 81.2Қаз я 7

О 65

*Оқу құралын жоғарғы оқу орындары студенттеріне
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі өткізген
оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкур
комиссиясының “Білім” мамандығы бойынша тобы ұсынады.*

Пікір жазғандар:

З. Бейсембаева, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты; **К. Жақсылықова**, Қаныш
Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті, педагогика
ғылымдарының докторы.

Оразбаева Ф. Ш., Рахметова Р. С.

О 65

Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы:
Print-S, 2005. – 170 б.

ISBN 9965-482-25-X

Бұл еңбек қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша теориялық мәліметтер мен практикалық тапсырмаларды қамтиды. Оқу құралында семинар сабақтарының тақырыптары берілген. Студенттердің өздік және оқытушымен бірлескен өздік жұмыстарының тапсырмалары курстық жұмыстың тақырыптары қамтылған. Студенттерге көмекші құрал ретінде кейбір сабақтардың үлгілері ұсынылған. Қазақ тілін оқыту әдістемесі курсы бойынша студенттерден алған білімдерін тексеру мақсатында тест тапсырмалары берілген. Еңбекті студенттер мен мектеп мұғалімдері оқу құралы ретінде пайдалануына болады.

**О 4602020400
00 (05)–05**

ББК 81.2Қаз я

ISBN 9965-482-25-X

© Оразбаева Ф. Ш., Рахметова Р. С., 2005

Алғы сөз

Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні — филология факультетінің "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бөлімінде оқылатын негізгі пәндердің бірі. Аталған пән болашақ қазақ мұғалімдеріне қажетті кәсіптік теориялық білім берумен қатар тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Студенттердің мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілігі мен тұрақты қызығушылығын арттыруға басты назар аударады. Мектептегі оқу тәрбие жұмысының негізгі міндеттерімен таныстырады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні білім беру философиясының, логиканың, лингвистиканың, психологияның, физиологияның т.б. ғылым салаларының жетістіктеріне сүйене отырып, әдіскерлер мен мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерін талдап тану арқылы тиімді әдістер мен тәсілдер жүйесін зерделеп, оны студенттерге меңгертуді көздейді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тілінің мектептерде оқытылу барысының өткенін талдау мен оған баға беруге, әдістеме саласы бойынша жарық көрген еңбектерді саралай білуге, оқыту әдістемесінің қазіргі күйін танып білуге, болашақтағы даму жолдарының алғышарттарын анықтай білуге студенттерді үйретеді.

Келешек маман теориялық білімі терең, практикалық іскерлік қасиеті жоғары, шығармашылық белсенділігі дамыған жан бола білуі тиіс. Қазіргі студенттің кез келген жағдайдан шығуға жол табатын тиімді әдіс-тәсілді меңгерген, ойлай білу мәдениеті жоғары адам болып шығуы үшін білім беру жүйесін жаңаша құру (модернизациялау) мәселесі көтеріліп отыр.

"Қазақ тілін оқыту әдістемесі" пәнін оқыту процесінде жақсы нәтижеге жетудің жолы — тілден берілетін теориялық материалды жаңа технология үлгілерін пайдалана отырып беру. Әдістеме ғылымы мен оқыту технологиясы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы нені оқыту керек, не

үшін оқыту қажет, қалай оқытқан дұрыс деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы қалай нәтижелі болады деген сұрақтың жауабын шешуге тырысады. Студент өз бетімен тырысып, кейбір мәселелердің шешімін өзі табуға тырысуы қажет. Осы міндетті шешу мақсатында оқу құралында қазақ тілі әдістемесі пәні бойынша қысқаша теориялық мәліметтер, семинар сабақтары мен студенттердің өздік жұмыстарының, курстық жұмыстардың тақырыптары, тапсырмалар берілді. Бұған қоса кейбір сабақтар мен студенттердің аталған пәннен алған білімдерін қорытындылау, сараптау үшін тест тапсырмаларының үлгісі ұсынылды.

Қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптар

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының әлемдегі өркениет пен ғаламдану процесіндегі мәдениетті игеруі барлық ғылым салаларына қатысты педагог мамандарды сапалы дайындау ісімен тығыз байланысты екенін қоғамдық өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Педагогтің білімі мен мәдениеті, іздемпаздығы мен шеберлігі, біліктілігі мен беделі – жаңа ұрпақты тәрбиелеудің басты көзі және арнасы болып табылады.

Сондықтан болашақ ұрпақ ғылым мен білімнің тұтқасын ұстап отырған ғалымдар мен ұстаздарға ерекше жауапкершілік артады. “Ел боламын десең, бесігінді түзе”, - деп ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов айтқандай, жаңа қоғамның болашақ маманы ғылымның қазіргі өзекті мәселелерге сай зерттелуіне, білімнің сапасы мен тиімділігіне, практикалық тәжірибенің нәтижелігіне байланысты қалыптасады және тәрбиеленеді.

Қазақ тілі - қазақ халқының ұлттық тілі. Қазақ тілі сыры мен қыры көп, өз ішінде түрлі-түрлі салаларға бөлінетін күрделі де бай тіл. Мектептегі қазақ тілінің жүйелі курсы фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис және пунктуация, тіл дамыту, тіл мәдениеті сияқты салаларға бөлініп оқытылады.

Қазақ мектептеріндегі жұмыстың нәрлі, нәтижелі болуы ана тілін оқытуды ұйымдастырудың дәрежесіне, оның дұрыс жолға қойылуына байланысты. Өйткені, ана тілі тек пән ретінде оқытылып қана қоймайды, өзге пәндердің бәрінен де білім беруге және мектептегі бүкіл тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізуге негізгі құрал ретінде қызмет атқарады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 19 наурызындағы халыққа жолдауында “Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуге тиіс. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз”, - делінген. Заман талабына сай мектептерде білім мазмұны мен оның құрылымдық жүйесін жақсарту - кезек күттірмес шаралардың бірі.

Мектеп балаларды дұрыс сөйлеуге, ана тілінің сөздері мен тиісті тәсілдерін саналы түрде дұрыс жұмсауға үйретеді. Мектеп оқушылардың сөздік қорына көп жаңа сөздер, жаңа формалар қосады. Оларды қайда, қалай қолдану керектігін үйретеді. Мектептегі қазақ тілі пәнінің мұғалімі - жаңа қоғамды құрушы жастардың тәрбиешісі. Мұғалімнің өзі оқытатын пән саласындағы ғылымды жетік білуі - қарапайым да, қажетті талап.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Қазақ тілін дамытатын да, оның қанатын кең жаюға көмектесетін де бүгінгі студент. Себебі, ол жоғары оқу ордасында бүгінгі жаңалықтарды терең меңгеріп, ертеңгі күні мектепте жүзеге асыруы қажет.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамыту Тұжырымдамасында педагогикалық мамандарды дайындау мен білім сапасына қатысты нақты мақсат-міндеттер мен ұстанымдар көрсетілген. Бұл құжатта: “Қазір педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану,

жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады“ /„ҚР. 2015 ж. дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы“/, — деп көрсетілген.

Жалпы қазақ тілінде сөйлеп, жазуды үйрету - қоғамда қазақ тілінің мәртебесін жоғары дәрежеге көтерудің алғы шарты. Сондықтан қазақ тілі қатынас құралы ретінде мектепте жүйелі білім беру арқылы ғана оқушыларды дұрыс сөйлеуге, адамдармен әдепті түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелейді.

Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту әдістемесінің атқаратын міндетінің аса зор екенін айта кетуіміз қажет.

Оқыту әдістемесі оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда, сондай-ақ жас жеткіншектің дүние-танымын жетілдіруде өте қажетті практикалық міндеттерді іске асырады. Оның басты мақсаты оқыту нәтижесінде оқушыларға қазақ тілінің негізін тиянақты меңгерту болып табылады.

Оқыту әдістемесі өз алдына дербес ғылым ретінде басқа ғылымдармен, яғни лингвистика, психология, логика және педагогика ғылымдарымен өзара байланыста дамып отырады. Ал мұның өзі ұстаздардың жоғарыда аталған ғылым негіздерін жан-жақты терең біліп, жете меңгеруін талап етеді. Өйткені, мұғалім – балалардың білімі мен тәрбие ісіне жауап береді.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, өз ісінде қатып қалған қасандық пен жаттандықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Бұрын өз пәнімізді жақсы білсек, аздаған педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерсек, баланы өз еркімізге бағындырсақ өте керемет ұстаз боламыз деген пікір қалыптасып келгені жасырын емес.

Қазіргі таңда қоғам мен техниканың ғарыштап дамуына байланысты адамның да сана-сезімі өзгерді. “Жаңа оқушылар” деген феномен пайда болды. Олардың мақсаттары да, құндылықтары да, табынатын идеялары да бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Қазіргі оқушылар еш

нәрседен ыға қоймайтын, өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке қабілетті, романтик қиялшы емес, көп нәрсеге сене бермейтін жандар.

Сондықтан баланы өзінен төмен көретін, көп ақыл айтатын, істен гөрі құрғақ сөзге бейім мұғалімдерді олардың жан-дүниесі қабылдамайды.

Осыған сәйкес жаңа ғасыр қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне жаңа, жоғары дәрежедегі талаптар қояды. Мұғалім жеке көзқарасы бар және оны қорғай білетін жігерлі тұлға әрі маман мұғалім болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар ұстаз ешуақытта жалтақ болмауы тиіс. Өз ісін жетік білетін, оны табанды жүргізетін мұғалім ғана нақтылы нәтижеге қол жеткізе алады. Ондай адам жұмыс істеген әр күніне есеп беріп отырады.

Мұғалім педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Қазіргі кезде дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағымы көбейді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың өмірдің әр саласына қатысты кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуы қажет.

Әр мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс. Адам өзінің шығармашылық өзгерушілік қызметі арқылы адамдармен қарым-қатынас жасайды және ойлау қабілеті зор жеке тұлға болып қалыптасуы үшін күресуі керек. Көп білу үшін көп оқу, оны зердеге тоқу, “Интернет” жүйесін меңгеру қажеттігі туындайды.

Міндетті білім беру, стандартты оқулықтарды пайдалану, ақпараттардың көбеюі мұғалімнің білім берудегі жетекші рөлін жойды. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өздігінше білім алуға үйретпеген мұғалім бүгінгі күнде белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмайды. Бала толыққанды даму үшін осы тұрғыда мұғалім ғана көмектесе алады.

Ұстаз ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптылық қабілеттермен қатар өз бойындағы педагогика-

лық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп-салдарын анықтай түсуге бейім болуы шарт. Соның негізінде күрделі жағдайларда шешім таба алатын дәрежеге жете алатындай болу керек. Оның адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымды бала тәрбиесіне негіз етіп алуы шарт. Қысқасы, бала ықпал ету нысанасы емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы қажет.

Демек, бұлардың бәрі мұғалімдерге бұрынғыдан да зор жауапкершілікті, заман ағымына бейімділікті, жанқиярлықты талап етеді.

Сабаққа қажетті оқыту әдістері мен тәсілдерін, дидактикалық оқу материалдарын және жаттығу түрлерін дұрыс таңдап, сабақта бейімділікпен қолдана білу үшін ұстаз оқушылардың, ең алдымен, психологиялық, ұғымдылық, яғни сабақты қабылдау ерекшеліктерімен тікелей санасуы керек. Сонымен қоса, логикалық талаптарға да баса көңіл бөлуі қажет.

Семинар сабағының тақырыбы

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасу даму жолдары

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы
2. Т.Шонанұлының әдістемелік мұрасын талдау
3. Қ.Басымов пен Ш.Сарыбаевтың еңбектерін талдау
4. Қазіргі кезеңдегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерін талдау

Студенттердің өздік жұмысы

1. А.Байтұрсынұлының “Тіл құралы” атты еңбегі бойынша реферат жазу.
2. Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа жолдауындағы білім беру жүйесіне қатысты пікірлерін талдау.
3. Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің оқытылу жүйесіне сараптама жасау.

Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдардың

еңбектерін ойталқыға салу

2. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің оқытылуы жайында пікірталас жүргізу

Тапсырмалар

1-тапсырма

Қазіргі таңдағы қазақ тілі мұғаліміне тән қасиеттер қандай болу керек деп ойлайсыз?

2-тапсырма

А.Байтұрсынұлының "Үйрену Һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп оқытуға жағады зорайып, шабыттанады,"- деген сөзінің мәнін түсіндіріңіз.

3-тапсырма

Телжан Шонановтың "Қазақ тілінің оқу құралы"/Алматы, 1933 жыл /атты еңбегіне талдау жасап, әдістемелік пікірлерін топтаңыз.

4-тапсырма

"Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгереді",- деген Ж.Аймауытовтың сөзінің әдістемелік мәнін түсіндіріңіз. Қосымша еңбекті қарап, ой-толғау жасаңыз. /Тәрбиеге жетекші. 1924ж. Орынбор. Қазмембас./

5-тапсырма. Педагогикалық жағдаятқа талдау жасау

Мектептің педагогикалық кеңес мәжілісінде оқу-тәрбие барысының қорытындысы талқыланды. Мәжіліс барысында "Педагогикалық жұмыстың нәтижесі деп нені есептейсіздер?" - деген сұрақ қойылды. География пәнінің мұғалімі: " Мен өзімнің жұмысыма, оқушыларыма ризамын. Менің пәнім бойынша екілік жоқ. Үштік бағаның өзі де шамалы ғана",- деді. Ал қазақ тілі пәнінің мұғалімі, әрі сынып жетекшісі: "Менің сыныбымның басым көпшілігі жоғары оқу орындарына түсті. Бұл педагогикалық еңбектің

нәтижесі”, - деп жауап берді. Ал тарих пәнінің мұғалімі: “Бір қарағанда шәкірттерімнің бәрі де тәрбиелі, ынталы, алайда ертеңгі үлкен өмірге аттанғанда, олардың кім боларына, қандай адам боларына мазасызданамын”, - деп қобалжуын білдірді.

Сұрақ:

1. Мұғалімдердің осы айтылған пікірлерінен оқу-тәрбие жұмысында нақтылы міндеттерді, тәрбие ұстанымдарын қалай шешіп отырғандарын, болашақты қандай тұрғыда жобалай алғандарын байқауға бола ма?
2. Педагогикалық сараптама кезінде жалпы мектептің және мұғалімдердің пікірлерін салыстырып, қандай тәрбиелік ұстанымдардың жүзеге асып жатқанын дәлелдеңіз.

Қажетті әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Қазақстан жоғары мектебі,2004.-№1. 5-20бб.
1. Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика.1975.
2. Д.Әлімжанов, Ы. Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы.1965.
3. С.Жиенбаев. Қазақ тілінің методикасы.1941.
4. Ш.Сарыбаев. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері.1956.
5. Қ.Исабаев. Мектепте фонетиканы оқыту.1976.
6. Қ.Тұрғанов. Мектепте фонетиканы оқыту. 1975.
- 7.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, 2000,208б.
8. Бейсембаева З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. 2002.
9. Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту методикасы.1988.

Қазақ тілін оқытуда тілдік қарым-қатынастың атқаратын рөлі

Тіл - адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Ғалымдар осы қарым-қатынас, сөйлеу құралы болып табылатын тілді әр түрлі ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді.

Тілдің қатынас құралы қызметін атқаратыны туралы пікірлер ертеректен айтылғанымен, тілдік қатынастың /языковая коммуникацияның/ тіл білімінің жеке мәселесі ретінде зерттелуі соңғы жылдардың үлесіне тиеді.

Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді. Сондықтан тілдік қатынас бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі ретінде әлемдік лингвистикада жаңа ғылыми еңбектердің шығуына әсер етті. Бұл еңбекте тілдік қатынастың негізгі сипаты, құрамы мен басты қағидалары, оны қолданудың әдіс-тәсілдері қарастырылып, терминдері ғылыми айналымға түсті.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынас - тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу; яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Бұл жерде сөйлеу тілі деген тіркесті ерекше бөліп айтуға тура келеді. Өйткені ол ауыз екі сөйлеу деген мағынаны емес, жалпы адамзаттың сөйлесу құралы, сөйлеу құралдарының қызметі, адамның тілі, адамның тілдік қатынас құралы деген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұғымды жеткізуі тиіс. Сондықтан осындай нақтылы ұғымды білдіру үшін, біз сөйлесім тілі деген тіркесті қолданамыз. Себебі,

“сөйлесім”, “сөйлеу” түбірі арқылы жасала келіп, сөйлеу процесінің тек адамзатқа тән екенін дәлелдейді. “Сөйлеу” деген сөздің өзі адамның ойын жарыққа шығару қасиетін білдіретіндіктен, көбінесе біржақты әрекет ретінде қабылданады. Ал “сөйлесім” “сөйлеу” түбіріне ортақ етістің “с” жұрнағы қосылу арқылы жасала келіп, бір-бірімен тілдік қарым-қатынас нәтижесінде іске асатын ортақ құбылысты көрсетеді. Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы - басты шарт. “Сөйлесім” - осы басты шартты және ортақ тілдік әрекетті аңғартатын сөз.

Сөйлесім тілі - тек адамзатқа ғана тән әрекет, тек адамдар ғана тіл арқылы сөйлей алады, ұғыныса алады. Ал басқа тірі жануарлар т.б. бәрінде дененің бір мүшесі ретінде, анатомиялық-физиологиялық жағынан тіл болғанымен, олар сөйлеу мүшелеріне тән қызметпен қамтамасыз етілмеген, яғни олар тірлігі бар құбылыс болғанымен сөйлей алмайды.

Сөйлесім әрекеті тек сөйлеу мүшелерінің қызметіне ғана емес, ойлау мен пайымдаудың, сана мен мидың да ерекшелігіне қатысты. Бұл - өз алдына бөлек, жеке мәселе.

Тілдік қатынас /ТҚ/ - сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді.

Өмірде адамдар тек тілмен сөйлесу арқылы ғана бір-бірімен түсініспейді, кейде әр түрлі жағдайларға байланысты олар бір-бірін тілсіз-ақ ұғып, соған қарай іс-әрекет жасайды. Мәселен, көшеде келе жатқанда адамдар түрлі жарық көздеріне, естілген дыбыстарға назар аударып, соған өздерінше жауап қатады, соған сай әрекет жасайды. Сол сияқты жол белгілерінің әр түрлі үлгілері немесе таңбалары

адамға белгілі бір жайдан хабар береді де, адам оны қабылдап, түсініп, осыған байланысты қозғалады.

Кейде адамдар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да - адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Осыдан басқа да адамдардың бірін-бірі түсінудің көптеген жолдары бар.

Мұндай семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары мен жалпы бет-әлпеттің өзгеруі арқылы ұғынысуы сияқты қаншама көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің /қолдың, аяқтың, иықтың т.б./ әр түрлі қимыл-әрекетінің өзін неше саққа жүгіртуге болады. Ауладан естілген қатты айқай немесе есікке берілген қоңырау, соны ести сала екінші адамның оған қарсы әрекет жасауы /далаға жүгіріп шығуы, не есікті ашуға ұмтылуы/ бұл да өзара түсініскендік.

Қарым-қатынастың жоғарыда айтылған үлгілерінің барлығы өмірден, қоғамнан тыс бола алмайды. Мұндай қарым-қатынастар адам үшін қызмет етеді, адамдардың өзара түсіністігіне жол ашады. Сондықтан олар да адамдардың қарым-қатынасына, байланысына /коммуникацияға/ жатады. Өмірдегі мұндай ұғынысу, түсінісу тілсіз қарым-қатынас деп аталады.

Тілсіз қарым-қатынаста түсінісудің бәрі тілдік тұлғалардың /сөз, сөйлем т.б./ қатысынсыз жүреді. Мұнда тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқармайды. Дегенмен, тілсіз қатынас пен оның түрлері қоғамда да, өмірде де белгілі орын алады. Бұлар адамдардың қарым-қатынасына қызмет ете келіп, түсінісудің қарапайым жолы болып табылады.

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі - тілдік қатынас, екіншісі - тілсіз қатынас. Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де,

Біріншіден, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді.

Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір нәрсе хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін.

Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік болады. Алайда тілдік қатынас адамдардың бір-бірін ұғынысуын, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Оның осы ерекшелігіне ғалымдар баса көңіл аударады. Мәселен, Г.В.Колшанский: “Языковая коммуникация - это прежде всего общение с помощью языка в целях установления взаимопонимания”, [1,18], - деп, тілдік қатынасты өзара түсінісудің тіл арқылы берілу тәсілі дей отырып, бұл процесті сөйлеуге қатысты қарым-қатынаспен байланыстырады: “...это способ передачи мысли посредством языка, объективируемый в форме речевого акта - этого элементарного звена речевого общения”.

Тілдік қатынас - тілсіз қатынастан әлдеқайда күрделі және бөлек. Сондықтан да тіл білімі - адамдардың қарым-қатынас құралы тіл туралы және сол қарым-қатынасқа негіз болатын тілдік қатынас туралы ғылым.

Э.П.Шубин шет тілдерін оқытудың қағидалары мен әдістемелерін сөз ете отырып, жалпы тілдік қатынастың құрамын, олардың атқаратын қызметін, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, тілдік құралдарды анықтауға тырысады. Оның бұл проблемаға қатысты өзіндік пікірлері бар. Ол көзқарастардың ұтымды жақтары да, субъективтік жақтары да кездеседі. Э.П.Шубин тілдік қатынасты хабармен алмасудың тұтас жиынтығы дей келіп, негізінен, тілдің дыбыстық жүйесі мен таңбалық ерекшелігіне көңіл аударады: “Естественно было бы языковую коммуникацию

как комплекс явлений, связанных с обменом информацией между людьми через посредство универсальной системы звуковых или графических знаков, именуемой языком” [2,11].

Тілдің таңбалық қасиетімен қатар автор хабардың берілуі мен қабылдау түрлеріне, оны жеткізуші шарттарға ерекше көңіл бөледі. Тіптен бір объектіден шыққан хабар /информация/ екінші объектіде қабылдану үшін, олардың арасында хабарды жеткізетін көмекші құралдардың /посредниктің/ болатынын дәлелдеп, оған жазуды жатқызады: “В примитивной языковой общине все коммуникативные явления сводились к передаче и приему звуковых сообщений. Но в обществе, имеющем письменность и взаимодействующем с другими языковыми коллективами, обмен информацией между коммуникантами нередко осложняется наличием своеобразных “посредников”, выполняющих особые вспомогательные коммуникативные операции” [2,13].

Тілдік қатынастың осындай ерекшеліктерін атап өте келіп, Э.П.Шубин оның /тілдік қатынастың/ тілсіз қатынастан екі түрлі айырмашылығы бар деп есептейді.

Біріншіден, тілдік қатынас әмбебап, яғни жан-жақты, өйткені ол адамдардың барлық саналық және физикалық әрекетіне қызмет етеді.

Екіншіден, тілдік қатынас бірінші пайда болады, яғни алғашқы кезеңде тұрады, өйткені оған адамның ойлау қабілеті негіз болады. Бұны ғалымның өз сөзімен келтірейік: “Во-первых, языковая коммуникация универсальна, поскольку она обслуживает все сферы умственной и физической деятельности людей, неязыковая же коммуникация используется либо в специальных ситуациях, либо как вспомогательная по отношению к языковой. Во-вторых, языковая коммуникация первична, поскольку на ней базируется само мышление человека; трудно представить

себе такой вид неязыковой коммуникации, который осуществлялся бы без психологического вмешательства знаков языка /точнее их образов/ [2,14].

Э.П.Шубин айтып отырған тілдік қатынас бүкіл хабардың тұтас жиынтығы деген анықтамамен келісуге болады. Бірақ мәселенің негізі мынада: тілдік қатынас жалпы хабардың, ақпараттың тұтас жиынтығынан тұратын болса, онда хабардың тұтас /комплексті/ жиынтығы неден құралады, оның басты құрамы қандай деген сауалды шешуге тура келеді.

Бұл ретте тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушы хабарға қатысты барлық құрамды бөліктер жеке-жеке жіктеле келіп, олардың әрқайсысының өзіндік қызметі анықталуы тиіс. Ең алдымен, ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын - хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұрады:

1. Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын - **Баяншы.**
2. Ақпаратты жеткізетін - **Тұлғалар.**
3. Ақпаратты не деректі - **Қабылдаушы.**

Баяншы - сыртқы объективтік әсерді, өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал-құралдардың, тұлғалардың көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

Тұлғалар - хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасында ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер.

Қабылдаушы - белгілі бір хабарды қабылдап алып, оның мәнін тілдік тұлғалар арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасына өткізіп ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы.

Баяншыға да, қабылдаушыға да - бәріне ортақ әрекет - байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті жүзеге аспайды. Байланыс- тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты.

Баяндау мен қабылдау үрдістері тілдік қатынастың барлығына тән. Бірақ лингвист-ғалымдар оларды қарапайым күнделікті сөздермен атаудан гөрі, лингвистикалық терминдермен атауды жөн көреді. Дегенмен, бұл терминдердің өзі тіл ғылымында біркелкі емес.

Мәселен, Э.П.Шубин тілдік қарым-қатынастағы хабарлауды, яғни хабар беруді - трансмиссия, ал қабылдауды - рецепция деп атайды. Осыған орай хабар берушіні - трансмиссор, хабар қабылдаушыны - рецептив дейді. Сонымен қоса, алғашқы - хабарлауға қатысты құбылыстарды - трансмиссивті /трансмиссивные/ немесе продуктивті /продуктивные/; ал қабылдауға қатысты құбылыстарды - рецептивті /рецептивные/ деп көрсетеді. Э.П.Шубиннің айтуынша хабар /P/ трансмиссордан /T/ шығады да, реципиентке /R/ жетеді [2,14].

Қазақ тіл білімінде тілдік қатынасқа қатысты терминдер қалыптаспағанын ескеріп, бұл ұғымдарды беру үшін төмендегі терминдерді қолданған дұрыс деп таптық. Олар: баяншы, хабар, тұлға, қабылдаушы. Сонда тілдік қатынас жүзеге асу үшін Баяншыдан /Б/ шыққан Хабар /Х/ Тұлғалар /Т/ арқылы Қабылдаушыға /Қ/ келіп, одан ары қарай қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда жұмсалады.

Шынтуайтқа келгенде, басты мәселе мынада: баяншыдан /Б/ шыққан хабар /Х/ қатысымдық тұлғалар /Т/ арқылы қабылдаушыға /Қ/ дұрыс жету керек. Ал ол ауызша болсын, жазбаша болсын бәрібір жүзеге аса берсе керек.

Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы ҚазҰПУ

түрде болса, онда арада көп уақыт өтуі мүмкін. Өйткені әр түрлі жағдайларға байланысты хабардың бірден жеткізілмеуі, немесе тоқтап тұруы, немесе бірнеше үздікпен берілуі мүмкін т.б.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты үш кезеңді атап өтеді, олар мыналар:

1. **Хабардың дұрыс айтылуы, шығуы.** Мұнда синтаксистік заңдылықтар, яғни грамматикалық единицалардың айтылуы, дыбысталуы ерекше көзге түседі.

2. **Айтылуға тиісті мағынаның дұрыс жеткізілуі, айтылар ой мен айтылған тілдік құралдың тепе-теңдігі.** Мұнда семантикалық заңдылықтар басым рөл атқарады.

3. **Әңгімелесуші - екінші адамның хабарды дұрыс қабылдануы.** Е.И.Пассов осы үш кезеңді баяндай келіп, тілдік қатынастың толық жүзеге асуы үшін ең бастысы - үшінші кезең, алдыңғы екі кезең қарым-қатынасты іске асырмайды, бірақ өкінішке орай тілдік қатынаста біз осы үшінші кезеңге жете бермейміз, яғни қарым-қатынаста бірінші және екінші кезеңдерде тоқтап қалып қоямыз деп көрсетеді[3,8].

Біздің пікірімізше, тілдік қатынас жалпы адамзат арасындағы ойға, санаға қатысты болса, ол, ең алдымен, сыртқы объективті шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан туады.

Сондықтан тілдік қатынас жоғарыдағы тілші ғалымдардың атап өткенінен басқа да бірнеше кезеңнен тұрады. Олар мыналар:

1. **Хабардың пайда болуы.** Тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетіне қажетті ең бірінші фактор - сыртқы дүниенің адам санасына әсер етуі, сол әсердің нәтижесінде мида ойдың қорытылуы, хабардың пайда болуы.

2. **Хабардың сыртқа шығуы.** Санадағы тұжырымдалған пайымдаудың, ойдың яғни ұғымның, хабардың тіл арқылы, тілдік тұлғалар арқылы айтылуы, яғни сыртқа шығуы.

Хабардың сыртқа шығуына айрықша қызмет ететін - адамның сөйлеу мүшелері. Дыбыстау мүшелері немесе сөйлеу аппараты тек адамзатқа ғана тән ерекше құбылыс екені осы процестен де көрінеді.

3. Хабардың жеткізілуі. Айтылуға тиісті хабардың (сөйлем, диалог, монолог) дыбысталуден шектеліп қана қоймай, келесі адамға, субъектіге жеткізілуі. Ол ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін. Хабар жеткізілмей қалып қойса, қарым-қатынас, яғни түсінісу, ұғынысу болмайды. Демек, бұл әрекеттің де өзіндік алатын орны мен маңызы бар.

4. Хабардың қабылдануы. Сөйлеу әрекетіндегі келесі саты - жеткізілген хабардың қабылдануы. Қабылдау әрекетінде қосымша жұмыс атқаратын бірнеше фактор бар (мәселен, есту, көру, оқу, тыңдау, ойлау), бірақ ең бастысы - келген хабарды түсіну, яғни қабылдап алу.

5. Хабардың жауабы. Тілдік қарым-қатынас болу үшін, хабарды қабылдап алумен ғана шектелу біржақты процесс болып қалады, енді тілдік қатынас жүзеге асу үшін, қабылданған хабарға көңіл аудару, яғни оны сарапқа салу, бағалау, түсіну, сосын жауап қату шарт. Яғни түсінісу арқылы оған жауап қайтару қажеттігі туады. Сөйтіп, хабар жаңарып, келесі сатыға өтеді, яғни жаңа хабар шығады. Сонымен, хабар жауапқа ие болып, жаңа қарым-қатынасқа жол ашылады.

Бұдан шығатын қорытынды: тілдік қатынаста ХАБАР /Х/ маңызды рөл атқарады.

Енді осы хабар қалай берілетініне көңіл бөлу қажет. Тілдік қатынас тілдің дыбысталу /естілу/ және таңбалану /жазылу/ жүйелері арқылы жүзеге асады. Яғни, тілдік қатынас құбылысы тілдің таңбалық жүйесі мен сөздердің және сөйлемдердің айтылу қасиетіне тікелей байланысты. Бұл ретте тілдік тұлғалардың дыбыс арқылы айтылуы да, әріп арқылы таңбалануы да тілдік қатынаста бірдей маңызды қызмет атқарады.

Тілдік қатынастың дыбыс арқылы айтылуы және әріп арқылы таңбалануы лингвистикада ауызша және жазбаша тілдік қатынастар деп те айтылады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік қатынасты дыбыстық және графикалық таңбалардың әмбебап жүйесі деп танысақ, онда тілдің таңбалар жүйесі тілдік қатынастың жазбаша түрі болады да, тілдің дыбысталу жүйесі тілдік қатынастың ауызша түрі болып табылады. Тілдік таңбалар жазылу арқылы көзге көрінеді, ал дыбысталу /немесе айтылуы/ арқылы естіледі. Бұл екеуі де тілдік қатынастың жүзеге асуы үшін қызмет етеді.

Ауызша қатынас адамдардың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасы нәтижесінде іске аса келіп, белгілі бір хабардың дыбысталуы /естілуі/ арқылы сыртқа шығады. Адамдардың арасындағы ауызша тілдік қатынас - өте ертеден пайда болып, қоғаммен бірге өмір сүріп келе жатқан құбылыс.

Ауызша қатынас - ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы, ол тілдік тұлғалардың сөзге, сөйлемге айналып, дыбысталуы арқасында жүзеге асады.

Ауызша тілдік қатынаста басты рөл атқаратын - адамның сөйлеу мүшелері, дыбыстау мүшелері /ерін, тіл, тіс, мұрын, дауыс шымылдығы т.б./ жиі қозғалып, еркін жұмыс істеу арқылы қатысымдық тұлғалардың айтылып, естілуіне мүмкіндік жасайды.

Бұл - сөйлесім әрекетінің іске асуының алғашқы кезеңі болып табылады.

Ауызша ТҚ адамның сөйлеу қабілетіне қарай өзгеріп отырады және тілдік қатынастың әр түрлі қызметін /эмоциялық, экспрессивтік, байланыстырушылық т.б./ іске асады. Бұл ретте дауыс ырғағының мәні ерекше.

Жазбаша қатынас тілдік тұлғалардың таңбалық қасиетімен байланысты бола келіп, адамдардың бір-бірімен тікелей қатынаста болуын аса қажет етпейді.

Жазбаша қатынаста тілдік тұлғалардың естілу қасиетінен гөрі, көзге көріну ерекшелігі басым болады. Мұндай қарым-

қатынас таңбалардың тұрақты жүйесі арқылы іске асады, оны адам өз бетінше өзгерте алмайды.

Жазбаша тілдік қатынаста басты роль атқаратын - тілдік тұлғалардың таңбалық көрінісі. Жазбаша тілдік қатынас /ТҚ/ - ауызша тілдік қарым-қатынастан /ТҚ/ кейін пайда болған құбылыс.

Ауызша ТҚ пен жазбаша ТҚ айырмашылықтарын қадағалай отырып, оларды дыбыстық ТҚ /дыбысталу нәтижесінде болатын/ және таңбалық ТҚ /әріптермен таңбаланудан болатын/ деп те атауға болады.

Дыбыстық ТҚ естілуімен ерекшеленеді, ал таңбалық ТҚ жазылады және әріптер арқылы көзге көрінеді.

Сонымен, ауызша қатынас дыбыстала келіп, сөйлеу арқылы іске асады және тыңдалады. Жазбаша қатынас таңбалана келіп, жазу арқылы жүзеге асады және оқылады. Осы айтылғандарды өрнек түрінде берсек, төмендегідей болады:

Тілдік қатынас

Ауызша ТҚ

Жазбаша ТҚ

Дыбыстық
қатынас

Таңбалық
қатынас

Айту

Тыңдау

Жазу

Оқу

Ауызша тілдік қатынас пен жазбаша тілдік қатынастардың әрқайсысы жеке құбылыс ретінде өмір сүрмейді. Олар өзара тығыз байланысты бола келіп, біреуі екіншісіне ұласады.

Тілдік қатынасқа негіз болатын адамның ойлау қабілеті, осы ерекшелігімен ол тілсіз қатынастан ажыратылады. Оны ғалымдар айтып та жүр. Ойлаусыз тілдік қатынас жоқ. Ойлау тілдік қатынастың тірегі ғана емес, ол - бүкіл сөйлеу әрекетімен өмір сүретін адамзаттың болмысы. Ойлау мен сана, тіл мен сөйлеу - бір-бірінен ажырамас жүйелі құбылыстар.

Тілдік қатынас сөз жоқ ойлау мен сөйлеудің бірлігінен тұрады. Өйткені тіл-ойдың көрінісі, адам ойын тіл арқылы яғни сөйлеу арқылы жеткізеді. Ал тілдік қатынастың негізі - тіл.

Сондықтан олардың бірлігі өте берік, олар бірінсіз бірі өз қызметтерін атқара алмайды. Яғни, ойлау мен сөйлеу тіл арқылы қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. Тілді оқыту қазір тілдің түрлі заңдылықтарының теориясын үйретуге емес, тілдің адамдар арасындағы қатынастық қызметін меңгертуге, екінші тіл арқылы адамдар бір-бірімен қатынас жасай алатын болуына бағыттталып отыр.

Тілді оқытуда қатысым әдісінің қолданылуы кешірек басталғандықтан, әлі оның теориялық негізі толық қалыптастырып үлгерген жоқ.

Ғалым-тілшілердің қатысымдық /коммуникативтік/ теорияны әлі де бір жүйеге келтірмеуі оның анықталуына уақытты сарапшы санауға әкеліп отыр. Бұл мәселенің шешілуінің қиын да, күрделі екенін аңғартса керек.

Сондықтан қазақ тілінің қатысымдық жүйесін бір ізге салып, оның теориялық негізін жасауға ат салысу - бүгінгі зерттеушілердің алдында тұрған міндет.

Рас, қандай болсын ереже бірден сәтті болмауы мүмкін, өйткені ол ұзақ тәжірибелердің жиынтығынан, бірнеше ұжымдық еңбектің нәтижесінен тұжырымдалады. Дегенмен, бүгінгі күн талабын қазірден бастап қолға алып, тіл заңдылықтарын зерттеуді тереңдете түссек, сол азды-көпті айтылған пікірлерден дұрыс тұжырым жасауға мүмкіндік туады.

Сонымен, тілдік қатынас - адамдарға тән ойлау мен сөйлесім үрдісінің белгілі бір қоғамдық қатынаста тіл арқылы жарыққа шыққан көрінісі.

Тілдік қатынастың басты ерекшелігі: ол үздіксіз қозғалыста болатын қатынас құралы тілдің санамен бірлігі арқасында жүзеге асады және тек адамзатқа ғана тән болып табылады.

Қандай болсын тілдік қатынасқа кем дегенде екі байланысшы қатысады. Олардың біреуі хабарлайды, екінші қабылдайды, немесе біреуі хабарды айтып, не жазып жібереді, екіншісі хабарды алады. Бұл екі процестің екеуі де сөйлесім әрекеті арқылы болады; есту мүшесінің актив қызметі арқылы жүзеге асады; көзбен көру арқылы қабылданады.

Екіншіден, ол адамдардың қарым-қатынас құралы тіл арқылы жүзеге аса келіп, бір адамға ғана емес, жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет етеді. Яғни, ол - қоғамның өзі туғызған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Үшіншіден, тілдік қатынас жеке адамның тікелей өз басына емес, жалпы оның қоғамдағы орнына байланысты болады. Ол қоғамдық қарым-қатынастың негізін сала келіп, адамның әлеуметтік дәрежеге көтерілуіне әсер етеді және қоғамдық-әлеуметтік пікірлесудің, ұғынысудың дамуына жол ашады. Сөйтіп, адамдар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастың қалыптасуының шарты болып табылады. Адам мен адам тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы дербес, жеке өмір сүруден қалады, олар табиғатпен, жаратылыспен біріге отырып, күрделі әлеуметтік, қоғамдық ортаға түседі.

Төртіншіден, тілдік қарым-қатынас адамды қоғамдық күрделі үрдістермен қатар қойып, оны жаратылысқа, қоғамға тәуелді етеді. Себебі, адам тілді тікелей өзі өзгерте алмайды, өзі қолдан жасай алмайды, адам тек тілдік заңдылықтарды зерттей алады.